**ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**
**Философия және саясаттану факультеті**
**Жалпы және қолданбалы психология кафедрасы**

Философия және саясаттану факультетінің
ғылыми кеңесінде бекітілді
№ 15 хаттама «21» маусым 2023 ж.
Факультет деканы ________________ Мейірбаев Б.Б.

# ПӘННІҢ ОҚУ-ӘДІСТЕМЕЛІК КЕШЕНІ

[100725] Ми, психика және сана
Мамандық «6В03107 Психология»

Курс – 2
Семестр – 4
Кредит саны – 9

**Алматы, 2023 ж.**

Пәннің оқу-әдістемелік кешенін құрастырған жалпы және қолданбалы психология кафедрасының ага оқытушысы, PhD Жолдасова М.К.

Жалпы және қолданбалы психология кафедрасының мәжілісінде қаралып ұсынылды
«6» маусым 2023 ж., хаттама № 14

Кафедра меңгерушісі _________________ Мынбаева А.К.

# АЛҒЫ СӨЗ

**Курстың арнайылығы.** Кәсіби психологиялық қызмет саласындағы практикаға жалпы кәсіби және мамандандырылған (оның ішінде инновациялық) білімді синтездеуге қабілетті бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауды қамтамасыз ету; білім беру, бизнес, денсаулық сақтау, көрсетілетін қызметтер салаларында, әскери және мамандандырылған ұйымдарда, орталықтар мен қызметтерде қолданбалы қызметтің (психологиялық, консультациялық, оңалту және т. б.) кең спектрін жүзеге асыру; адамның онтогенетикалық психикалық дамуы мен оның әлеуметтенуінің заңдылықтарына негізделген жеке және топтық түзету-дамыту, профилактикалық, кеңес беру, оңалту және оқыту бағдарламаларын әзірлеу және енгізу.

**Оқу курсының типі**: жоғары оқу орны компоненті.

**Пәннің оқу мақсаты**: психикалық процестер мен мидың қатынасы, негізгі психикалық процестердің психофизиологиясы және сана функциялары туралы тұтас түсінік қалыптастыру. Пән адам психикасының тарихи даму проблемасын, адамның рефлексия деңгейлерін, сананың пайда болуы мен дамуын, сана белгілері мен қасиеттерін, «психика» және «сана» ұғымдарының арақатынасын, қызмет пен сана бірлігінің принциптерін дәйекті түрде ашады.

**Пәнді оқыту барысында студент білуі тиіс:**

- Психикалық процестер мен мидың қатынасы, негізгі психикалық процестердің психофизиологиясы және сана функциялары туралы тұтас түсінік қалыптастыру;
- Ми, психика және сана жалпы білім беруде өзі және өзгелер туралы психологиялық ақпаратты біріктіру және негізделген пікірлерді тұжырымдау;
- Сананың пайда болуы мен дамуын, сана белгілері мен қасиеттерін, «психика» және «сана» ұғымдарының арақатынасын ашу;
- Ми мен психиканың негізін түсіну арқылы ақпаратты біріктіру және негізделген пікірлерді тұжырымдау;
- Ми мен психиканың психологиялық ерешеліктеріне диагностика жүргізу.

**Пререквезиттер**: «Мамандыққа кіріспе», «Философия», «Арнайы психология».

**Постреквизиттер:** «Даму және педагогикалық психология», «Медициналық психология», «Стресс және денсаулық психологиясы» және т.б. базалық курстары